

отличаться от рациональных моделей, таких как модель homo economicus, или наблюдаться разногласие между заявлениями индивидов и их поведением. В таких случаях исследование поведения потребителей становится особенно важным для принятия экономических решений.

Нейроэкономика может сыграть важную роль в исследованиях поведения потребителей, особенно в области маркетинга продуктов питания. Применение нейроэкономики помогает принимать более обдуманные решения о покупке продуктов питания, что, в свою очередь, может помочь решить глобальные проблемы здравоохранения, такие как ожирение. Хотя некоторые сельскохозяйственные научные изыскания уже используют методы нейроэкономики, пока не было исследований, специально сосредоточенных на применении нейроэкономики в исследованиях поведения потребителей.

FTAXP 15.81.21

Молдагалиева М.С., оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, muldir_84kz@mail.ru

Moldagalieva M. S., teacher, master, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangirkhan 51, 090009, Kazakhstan, muldir_84kz@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДА МОТИВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІРУ MOTIVATIONAL ACTIVATION OF STUDENTS IN PRACTICAL CLASSES

ТҮЙІН

Бұл еңбекте білім алушының психологиялық-педагогикалық жетістікке жетудің мотивациясының ерекшелігі ұсынылған. Университет білім алушылардың жетістікке деген ынтасын арттыру және дамытуы қарастырылған. Білім алушыларды белгілі бір мақсатқа жету үшін өзін ынталандыру күші немесе қажеттілікке белсендіру. Жетістікке жетудің жеке ерекшеліктері қарастырылады, алдын-ала анықтаушылар білімді игерудің ынта-жігермен жетістігімен ерекшеліктері туралы мәлімдейді. Жетістікке жетудің жоғары мотивациясын дамыту үшін білім алушы болашақ мамандықтың қалыптасқан иесі болу қажет. Білім алушыларды белгілі бір қажеттілікті бағытқа бағыттай отырып, іс-әрекетке итермелейтін замануи оқытудың интерактивті әдістері, тренингтер, педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмысы, дамыту жолдары, кері байланыс ұсынылған. Білім алушылардың мотивация мен оған дайындық деңгейін тексеріп, анықтауға педагогикалық тәжірибе жүргізілген. Бұл мотивациялық бағыты арқылы білім алушы дамуы, өзін-өзі дамыту, ізденісін дамыту мүмкіндіктерін пайдалана отырып, басқалармен қарым-қатынасын, өзара әрекетін, оған қажетті тұлғалық сапаларын қалыптастыру сияқты адамның өмір сүруі үшін аса қажетті мәселелерін шешу іске асырылады. Соның нәтижесінде білім алушылардың мотивациялық білім мен белсендіру арқылы білік пен дағдысы бойынша ерекшеліктерін анықтаумен және дайындығын зерттеу тәжірибесінің тапсырмалары бойынша алған оқу жетістіктерінің деңгейлері анықталған.

ANNOTATION

This work presents the specifics of the student's motivation for psychological and pedagogical success. The university provides for increasing and developing the motivation of students to succeed, the ability to motivate or activate students in order to achieve a certain goal. The individual characteristics of achievement are considered, the predestinators declare the peculiarities of mastering knowledge with enthusiasm. To develop a high motivation for success, students need to become a successful owner of a future profession. The article presents interactive methods of modern education, trainings, pedagogical experimental work, ways of development, methods of feedback and reflection, encouraging students to take action, directing them to meet a certain need and pedagogical experience of checking and determining the level of motivation and readiness of students. The

necessary solution of problems is realized through this direction of pedagogical activity such as pedagogical development, self-development, the formation of relationships, interaction with others, the personal qualities necessary for him with the use of opportunities for development. As a result, the levels of educational achievements obtained by students according to the tasks of the experience of studying training and identifying features of skills and abilities through motivational knowledge and flexibility are determined.

Түйінді сөздер: *мотивация, ізденіс, кәсіби мотив, оқу әрекетіне мотивация.*

Key words: *motivation, search, professional motivation, motivation for learning activities*

Кіріспе. Мотивация-бұл білім берудің басты міндеті оқу әрекетінің қабілетті, қарқынды дамуға, жігерлендіруге, күш беруге, ынталандыруға, ізденіске қабілетті білім алушыларды даярлаудың негізгі болып табылады[1, 66 б.]. Мотивация мәселесін зерттеуде қызығушылықты тудыратын, қазіргі таңда білім алушылар арасында ынтымақтастық пен өзара түсіністікті айқындайтын заманауи ақпаратқа ие болу керек. Оның дамуы үшін маңыздысы қазіргі психологиясында адам қызметінің көздерін талдаумен байланысты, оятқыш күштері, олар адамды белгілі бір айқын күшке, белгілі бір мақсатқа жетуге итермелейді. Оқытушы өз пәнінде түрлі оқыту әдістерін қаншалықты көп қолданса, білім алушыларда пәнге деген қызығушылықтары соншалықты артады. Білім алушыларға түрлі тапсырмалар беру мақсатында қызығушылығын арттыру танымдық қасиеттерін, белсенділігін, іс-әрекеттің, еңбек етуге, жеке тұлғалық санасын дамытып ой-өрісін жетілдіреді. Қазіргі парадигмасы білім берудегі негізгі бағыты білім алушылардың мотивациялық белсендіруге бағыттау, ал оқытудың түрлі әдістері бойынша білім алушыларды белсенді қарым-қатынастарға, өз ойларын айтуға, жүйелеуге белсендіру болып отыр. Демек, білім алушы білімді дайын түрінде оқытушының берген ақпараты бойынша емес, өзінің өмірлік оқыған, үйренген тәжірибесіне орай танымдық жаңалық ашу арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі идеялар жасап шығару. Нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Білім алушыларға тапсырмалар түрлерін беру кезінде оқытушы мүмкіндік сипаттарын ескеруі қажет [2].

Айталық, білім алуға, оқуға, еңбек етуге деген қажеттілік негізінде мотивациялық белсендіру әрекеттері арқылы қызығушылықтары қалыптасады. Үнемі әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы іс-әрекетті қажет ететін жұмыс, білім алушылар үшін қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Ал керісінше белсендіру мен интеллектуалдылықты қажет санамайтын іс-әрекеттер білім алушылар үшін ешқандай қызығушылық оятпайды. Білім алу процесінде қиын мәселелерді шешу, мәселелік жағдайлардың шешу жолдарын оқу процесінде қызығушылықтарын оятып, мотивациялық белсендіру әдістері арқылы қалыптастырып арттырады.

Білім алушылардың білімге деген мотивациялық жолдарының ерекше іздемпаздықтықпен ынталандыратын жаңа мүмкіндіктерді зерттейтін, барлық әлеуетті пайдалана отырып, олардың қанағаттандыратын идеялар жасаған іс-әрекет арқылы жоғары көрсеткішке жету. Білім алушыларды ынталандыру, белсендіру арқылы оның маңызды мүдделерін қозғау, оған өмір процесінде кезінде өзін белгілі бір мақсатқа жетуі үшін жағдай жасау [3, 220 б.]. Ол үшін білім алушылар кем дегенде: жетістіктері бар танымал адамдардың еңбектерін оқып білуі керек (сәттілік - бұл белгілі бір мақсатты жүзге асыру); өз еңбегінің нәтижелерінде өзін көре білу, оқуда, жұмыста өзін сезіну, маңыздылығын сезіну. Бірақ білім алушының іс-әрекетінің мәні тек нәтиже алу ғана емес. Іс-әрекеттің өзін ары қарай терең жетілдіру болып табылады.

Орыс психологиясының мотивациясында адам өмірінің мінез-құлқы реттеушісі қызметі күрделі деп саналады. Бұл реттеудің ең жоғары деңгейі саналы түрде – ерікті. В. Г. Асеев адамның мотивациялық жүйесі, берілген мотивациялық серияларға қарағанда әлдеқайда күрделі құрылым бар екенін айтады. Бір жағынан, бұл мотивацияны күрделі деп анықтауға мүмкіндік береді, қажеттіліктерді қамтитын көп деңгейлі ынталандыру жүйесі, мотивтер, мүдделер, идеалдар, ұмтылыстар, көзқарастар, эмоциялар, нормалар, құндылықтар және т. б. Ал екінші жағынан бұл іс-әрекеттің бірнеше қажеттіліктілігін анықтау, көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы қажеттіліктері, педагогтың қостауына, өзіндік бағалауының

жоғарылауына, қасындағы әріптестерінің назары болашақ білім алуымен еңбек жолында жоғары жетістікке жету нақтылы іске асыра алады [4, 567 б.].

Оқу мотивациясы жеке түр ретінде анықталып, оқу қызметіне енгізілген. Сонымен, Л. И. Божович пен оның қызметкерлерінің еңбектерінде, материалда білім алушыларға оқу іс-әрекетін зерттеуде оның мотивтер мазмұнында және оның ішкі себептер немесе қажеттілікке байланысты кең әлеуметтік қоғамдық қатынастар жүйесінде белгілі бір позициясын алады [5].

Сонымен қатар, білім алушылардың өзара әрекеттесудің дамуы қажеттіліктері мен мотивтері арқылы басым қажеттіліктерді тәжірибе арқылы орын алады. Осылайша, оқу іс-әрекетінің мотивациясын талдау кезінде жігерландіру, ынталандыру анықтап қана қоймай, бәрін ескеру қажет білім алушылардың мотивациялық сферасының құрылымы. Осы саланы бойынша ілімге қатысты А. К. Маркова зерттеулерінде қарастырылған. Сонымен, оған мыналар кіреді: оқу қажеттілігі, оқытудың мәні, мотив ілім, мақсат, эмоциялар, көзқарас және қызығушылық [6].

Қазіргі таңда білім алушылардың танымдық іс-әрекетін мотивациялық қызығушылықты белсендіру арқылы өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Б. И. Додоновтың зерттеуінде мотивация бойынша жоғары оқу орындарының білім алушылары өз мамандығына деген сүйіспеншілік пен еңбекке бейімдеуге төрт мотивациясы анықталды (процесске, нәтижеге, бағалауына және болдырмауға оқу мотивациясының басқа компоненттерімен қатар) оқу қызметінің бағытын, мазмұнын және нәтижесін анықтайды [7].

Интеллектуалды мотивтер саналы, түсінікті, нақты әрекет етуші. Білім алушыларды білімге деген құштарлығын қажеттілік ретінде түсінуге оларды иемдену, түпсанасын кеңейтуге, терендетуге ұмтылу, білімді жүйелеу [8, 332 б.]. Мұндай мотивтерді басшылыққа ала отырып, шаршау, уақыт, басқа ынталандырушыларға қарсы тұру, білім алушы оқу тапсырмасын шешуде табанды және ынталы жұмыс істейді деп Ю. Орлов қорытындылады [9, 75 б.].

Сондай-ақ білім беруді ұйымдастыру үшін өте маңыздысы оқу мотивациясының тұрақтылығы туралы. Нақты оң эмоционалдық бағасы төмендегідей болу қажет: ұнамды, өзінің мамандығына деген ішкі жан дүниесімен сезіне білу, терең талап қоя алушылық және өз білімін жеткізе алушылық. Егер білім жүйесінің нәтижесі болмаса, құндылық жоғалады [10]. Мотивациялық нәтижеге жету үшін нақты және бекітуші оятушы күш қажет, әсіресе көп жағдайды оқу процесі кезінде – білім біліктілікті өңдеуде, анықтауда көрінеді. В.А. Гордашников және А.Я. Осин ғылымдарының пайымдау бойынша мотив түрлерін көрсетті:

- коммуникативтік мотив (бір-бірімен тығыз байланыста);
- сәтсіздікке ұшырамау мотиві (қызметті орындау кезінде болуы мүмкін сәтсіздіктерге, ұнамсыздықтарға, жайсыздыққа, жазалауға байланысты);
- мотив дәрежесі – (жоғарғы әлеуметтік статуска ие болуы немесе оған қол жеткізуіне байланысты);
- кәсіби мотив (өзі білім алып жатқан мамандығының кәсіби жетекшісі болуына байланысты);
- өзін-өзі қалыптастырудағы шығармашылық мотив (берілген тапсырмаға шығармашылықпен қарауда өз бойындағы қасиеттерімен және өзін-өзі қалыптастыруымен байланысты);
- оқу – танымдық мотив (оқу орнының мазмұны мен және оның орындалуымен байланысты; жаңа білім беру арқылы білім алушыларға бағыт бағдар беру; білімге терең қызығушылығын оят, сонымен қатар білім алушыларға білімді игеруі үшін арнайы әдістер қолдануда мынандай мотивтер кіреді: қызықтырған білімді өз еркімен игеру, білім алушыларды өздігінен білім алуға бағыт-бағдар беру);
- әлеуметтік мотив (білім алушылардың қоғамдық ортамен әртүрлі өкілдермен байланыс жасауы; басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасай отырып қоғамда өз орнын табу және қоғамның беделді мүшесі болуы) [11, 73 б.].

Педагогика саласы бойынша бұл білім беру мотивациялық белсендірудің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, қызығушылығын ояту, тәрбиелеу мен дамыту бағыттын шешуге арнайы ұйымдастырылған оқытушы пен білім алушылар арасындағы өзара байланыс қызметін орнату. Яғни педагогикалық жүйе - бұл оқу мен тәрбие процесімен өте тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз ету жолымен кең мәндегі нәтижеге асыруды көздеген үрдіс [12].

Зерттеудің мақсаты. университет білім алушыларының тұлғалық дамуын қалыптастыруға бағытталған психологиялық білім беру мазмұнын, танымдық әдіс-тәсілдер арқылы үйретуге қолданатын интерактивтік әдістермен тәжірибелеу ортасын құру мен тәжірибеде тексеру.

Зерттеудің әдістері. тақырыпты зерттеу барысында қолданылған әдістерге талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау, жалпыламалау, оқу құжаттарымен жұмыс, тест, эксперимент, құжаттармен жұмыс.

Зерттеу нәтижесі мен талқылау. Мотивация психология ғылымында білім алушылардың белгілі бір нәтижеге қабілетін, санасын, сезімін оятуға әсер ететін қозғаушы күштердің жиынтығы деп анықтайды. Ал білім алушылардың іс-әрекеттің қай түрі болмасын, мотивация – белгілі бір мақсат үшін өзінді ояту процесі. Білім алушылардың өмірге деген құлшынысын білім ордасы және қоғаммен қоршаған ортадан алады. Мотивациялық қажеттіліктерін ескермеу, әлеуметтік психологиялық тиімді іс- әрекет, қатынас жасау әрине, мүмкін еместігі белгілі. *Мотивация* - деп білім алушылар немесе топтың ішкі немесе сыртқы әсерлерінің ықпалынан өз қажеттіліктері мен жетістіктерге жету процесі [13, 47 б.].

Біздің университет тәжірибесінде білім алушылардың мотивациялық ерекшеліктерімен білім көздерін меңгертіп және тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағытталған. Білім алушыларды мотивациялық белсендіруін қалыптасуына негізгі құрылымын нақтылайды: бағыттылық, мінез-құлық, эмоцияларын, сезімдерін, танымдық қабілеті, іс-әрекеті, психологиялық жағдайы [14, 145 б.]. Ол бір ғана тәжірибемен ғана тоқтап қалмайды, басқа да жеке қырлармен тығыз байланысты. Тәжірибелік сабақтарда интерактивтік әдістер бойынша тапсырмалар беріліп, топтық формада арқылы жүзеге асады. Тәжірибелік сабақтың тапсырмаларының мазмұны мотивациялық сипатта орындалса, сол тапсырмаларды орындау топтық тәртіпте жүріп, өзара мәселелерді талдап, талқылап, жүйелеп, ақпараттарды жинап, ақпарат алмасып, қиындықты шешу идеяларын ұсыну, негіздеу коммуникативтік дағдыларымен орындалды [15, 267 б.]. Соның нәтижесінде әрбір топ тапсырмаларының моделін құрастыру арқылы жұмыстарын баяндап айтады.

Зерттеуімнің оқу курсындағы 1-ші топ эксперименттік топқа «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» 2-ші бақылау тобына «Дене шынықтыру және спорт», білім беру бағдарламасының 2 курстарын тәжірибеге алып, оларды білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды таңдадым. «Психология» оқу пәні бойынша «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды оқу үдерісіндегі оқыту мазмұнына тиімді, замануи мотивациялық интерактивті әдістері мен бақылаудың жаңа әдістерінен құралған оқыту мазмұны дайындалды.

Тәжірибелі топтардағы оқытудың интерактивті әдістері тікелей білім алушылардың жалпы танымдық іс-әрекетті дамыту және тұлғалық дағдылары мен қалыптастырумен бірге, олардың мотивацияға тән ерекше дағдыларын да қалыптастыруға әлеуеті жеткілкті, ұтымды және тиімді түрлері іріктелінді [16, 81 б.]. Олардың түрлеріне «Бэкроним», «Фишбоун», «INSERT», «Кинометафора» әдісі, іскерлік ойындар, миға шабу, тапсырмалар. Бұл әдістер білім алушылардың танымдық, дамытушылық, әлеуметтік, ақпараттық, логикалық ойлау қабілетін, коммуникативтік және тағы басқа қасиеттерін де дамытуды қамтамасыз етеді [17, 90 б.]. Ойлаудың икемділігін, жылдамдылығын, ізденіс белсенділігін жаңалыққа талпынуына бағыттайды. Сөйлеу мен қиялын дамыту, оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына тәжірибелі сабақта қолданатын әдістемелік тәсілдеріне байланысты әр түрлі сабақтардың міндеттерін шешуге ықпал етіп отырады. Сабақтың тапсырма мазмұны бойынша білім алушылардың мотивациялық істерге тән танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған интерактивтік әдістер қолданылса, білім алушылардың психологиялық, ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды, идея дағдысы қалыптасады [18]. Басым тәжірибелік сабақтарда тапсырмадағы тәжірибеге бағдарлы жұмыстарды шешуге бағытталған оқыту әдістері қолданады.

Интерактивті оқыту әдістерінде мотивациялық танымдық және тұлғалық дағдылар мен құзыреттердің қалыптасуы өзара аралас әрекеттерде орын алып жүреді. Тапсырманың мазмұны мотивациялық және психологиялық сипатта орындалса, сол тапсырмаларды топтық тәртіпте жүріп, өзара мәселелерді талдап, талқылап, ақпараттарды жинап, қиындықты шешу идеяларын

ұсыну, негіздеу коммуникативтік дағдыларымен орындалды [19, 41 б.]. Соның нәтижесінде әрбір топтар жұмыстарының қорытындысын моделдеу арқылы баяндап айтады.

Тәжірибелі сабақта тапсырмаларды топтап беруіне байланысты, тапсырманың нәтижесі, үйренуге, қабылдауға, ұғынуға, өз ойларын айтып кері байланыс арқылы орындалады. Бұл әдіс моделдеу арқылы немесе білім алушының әртүрлі фантазиясы арқылы тәжірибеленді. [20, 95 б.].

Осы жоғарыдағы оқыту мазмұны бойынша «Дене шынықтыру және спорт» «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған «Психология» оқу курсы 3- семестрінде көлемінде тәжірибеленді. Сол тәжірибелеу барысында екі рет бақылау тәжірибелік және бақылау топтарында жүргізілді. Яғни, балдық-рейтингтік жүйеде 100 бал бойынша саналды. Екі топтың айырмашылығын анықтап, психологиялық тәжірибе сабағында қолданған оқыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдеуге параметрикалық емес Уайт Т-критериясының әдістемесін қоланылды.

«Психология» пәні бойынша жоғарыдағы екі білім беру бағдарламаларында оқып жатқан 2 курс білім алушыларына 3 семестрде тәжірибелік сабақтарында тапсырмалар орындады. «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» және «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының білім алушылары болашақ педагог мамандарды даярлау мен біліктілікті арттыру бағыты бойынша мотивациялық белсендіру мен жігерлендіру әртүрлі интерактивті әдістер жұмыстарын таңдап тапсырмалар орындады.

Психология пәні бойынша мотивациялық белсендіру тапсырмалар орындау барысында білім алушыларды алдын ала оның сапасын бағалау өлшем шарттарымен де таныстырылды. Сол өлшемшарттар бойынша олардың жұмыстың сапасын 100 балдық балмен бағалады. Ол өлшем шарттарға: тапсырманың өзектілігі мен түпнұсқалылығы; технологиялық деңгейі (білім саласы мен қызмет көрсету деңгейі); танымдық қабілеттілігі; орындалған тәжірибелік тапсырмалары мүмкіндігі; білімге деген белсенділігі, еңбек саласында мотивацияны пайдалану мүмкіндігі кіреді.

Жетістікке жетудің жоғары мотивациясын дамыту үшін білім алушылар болашақта еңбек саласына немесе оқуға деген көзін ашуға дайындалған тәжірибе жұмысының мазмұны бойынша талдаулар жасау барысында барлық білім алушылар нақты психологиялық тәжірибе сабақтарында мотивациялық тапсырмаларды орындауы мен баяндап, топпен жұмыстануы бойынша құрылымдық бөлімдерін толық орындағаны байқалды. Ал, қалған бөлімдердегі тәжірибелік тапсырмаларының жұмыс мазмұны сәтті анықталып, түсінікті баяндалып орындалғаны байқалды. Баяндау барысында бірінші топ білім алушылары белсенді, нақты, сенімді, қойылған сұрақтарға толығымен жауап беруі байқалса, екінші топтағы білім алушылар мәнерлі, эмоционалды, сенімсіз, немқұрайлы тапсырманы баяндады. Сабақта білім алушылар белсенді оқыту түрлерімен шұғылдануы арқылы білім деңгейін арттыруға мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу тәжірибесінде біз қолданатын заманауи сипаттағы оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау үшін Вилкоксонаның (Уилкоксона) Т – критерийі әдістемесі бойынша екі тәуелділік нәтижелерінің айырмашылықтарының сенімділігін есептеу таңдалды. Эксперименттік және бақылау тобына, бүкіл семестрге бақылау жүргізілді.

Кесте 1 – 1-рейтинг бойынша тапсырмаларды орындағаны үшін алынған салыстырмалы бағалар

Топтар	Бағалар мен дәрежелер																			
Э			65				67			70	70	70	75			85	85	85	90	
К	50	60		65	65	65		70	70				75	75						
Реттік	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	
Э			4,5				7			10	10	10	14			17	17	17	19	125,5
К	1	2		4,5	4,5	4,5		10	10					14	14					64,5


1-ші рейтинг нәтижесі, егер сандық бағандағы санның мәні болса $\Sigma R_{\text{э}} = 125,5$, сандық бағандағы санның қосындысы $\Sigma R_{\text{к}} 64,5$ құрайды. Сол дәрежедегі ең төменгі нәтиже 64,5, т. е. $T_{\text{ф}} = 64,5$. Дәрежелердің жалпы нәтижесі формула арқылы есептелді $\Sigma R_{\text{общ}} = \frac{n(n+1)}{2} = \frac{19(19+1)}{2} = 190$. Енді айырмашылықтардың дұрыстығын анықтау үшін, салыстырса $T_{\text{ф}}=64,5$ кестелік критерий мәнімен $T_{\text{ст}}$ үшін $n_{\text{э}}=10$ и $n_{\text{к}}=9$ кезінде 5%- маңыздылық деңгейінде, $T_{\text{ст}}$ тең болады 65. Нәтижелер сенімді, егер $T_{\text{ст}} > T_{\text{ф}}$. Бұл нәтиже $65 > 64,5$, айырмашылықтардың дұрыстығын дәлелдейді.

Кесте 2 – 5-рейтинг бойынша тапсырмаларды орындағаны үшін алынған салыстырмалы бағалар

Топтар	Бағалар мен дәрежелер																			
Э								70	75			80	80	85	85	90	90	90	95	
К	50	60	60	65	65	68	70			75	80									
Реттік	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	
Э								7,5	9,5			12	12	14,5	14,5	17	17	17	19	140
К	1	2,5	2,5	4,5	4,5	6	7,5			9,5	12									50

5-ші рейтингтің нәтижелері $\Sigma R_{\text{э}} = 140$, а $\Sigma R_{\text{к}} = 50$. $T_{\text{ф}}$ тең болды 64,5. Дәрежелердің жалпы нәтижесі өзгеріссіз қалады. Критерийдің мәні $T_{\text{ст}} = 65$. Бұл жағдайда $65 > 50$, айырмашылықтардың дұрыстығын не дәлелдейді.

Нәтижелерге сүйене отырып, төменде келтірілген аналитикалық диаграмма жасалды. Бұдан анықталған $\Sigma R_{\text{э}}$ жоғары $\Sigma R_{\text{к}}$ бойынша 61 үшін санау кезіндегі бірліктер 1 рейтинг. Әдістеменің жақында енгізілуіне байланысты топтар арасындағы айырмашылық онша маңызды болмады. 5-ші рейтинг арасындағы айырмашылық $\Sigma R_{\text{э}}$ және $\Sigma R_{\text{к}}$ 90 бірліктерді көрсетті. Мұнда айырмашылықтың артуы байқалады, бұл білім алушылардың эмоционалды көңіл-күйін белсендірудің тиімділігін дәлелдейді.



Сурет 1 – 1 және 5 рейтинг үшін салыстырмалы талдау

Қорытынды. Аталған зерттеулерді қарастыра келе, білім алушылардың мотивациялық қызығушылықтарын ынталандыруға, танымдық қызығушылықтар мен білімін дамытып,

әртүрлі әдістер арқылы әрі қарай жетілдіреді. Яғни, оқу әрекетіне жігерлендіруге, ынталандыруға, белсендіруге, білуге, ойлауға, зерттеуге, ізденуге, мамандығы бойынша еңбек етуге деген қызығушылықтарын туғызады. Бұл деңгейлер білім алушылардың нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді. Білімге деген мотивациясы және еңбек түрлеріне белсенділігін қалыптастырудың білім беру мазмұны мен оқыту әдістемесін психологиялық зерттеудің нәтижелері мынандай қорытынды жасауға ықпал етеді. Білім алушылардың дағдылары мен танымдық қасиеттерін тиімді қалыптасуына психология сабақтарында мотивацияларын арттыруға әртүрлі жаңа интерактивтік әдістермен тәжірибеленуі болды. Оның нәтижелілігі зерттеу тәжірибесіндегі білім алушылардың оқу жетістік деңгейлерімен және тәжірибедегі сапасымен анықталды. Олардың мотивациялық икемділігі, жігерлілігі, белсенділігі соның ішінде, жеке еңбек саласына белсендіру, ынталандыру, шабыттандыру мотивациясын сынап көруге психология пәнінің тәжірибелік сабақтарында өзбетімен тапсырмаларды орындап сапасын бағалау болып табылады. Ол үшін білім алушылар оқып, ізденіп, әртүрлі сапалы ақпараттарды толықтырып, үздіксіз дамып отырса пайдасын өзің әртүрлі салаларына пайдаланар еді. Тәжірибедегі теорияларды қолдана отырып, көздеген мақсаттарға жетуге болады. Әйгілі журналист Берт Чарльз Форбс айтқандай, қиындықтар ынталандыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалымбетова Э.К., Баратова С.М., Дуйсенбеков Д.Д. Кәсіби мотивация және жас мамандардың кәсіби мотивациясының психологиялық ерекшеліктері // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2015. - № 1 (52). - С. 62-70.
2. Huang J, Hegele M and Billino J (2018) Motivational Modulation of Age-Related Effects on Reaching Adaptation. Front. Psychol. 9:2285. doi: 10.3389/fpsyg.2018.02285
3. Горская П.Е. Теоретические подходы к исследованию структуры мотивации личности// Вестник Иркутского государственного технического университета. - № I (96). - 2015. - С. 217-221.
4. Эндрю Поллард Рефлексивті оқыту негіздері / Эндрю Поллард//Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры -2020-7286.ISBN 978-601-7621-11-7
5. A Longitudinal Mixed Methods Study of Norwegian Preservice Teachers' Beliefs About Sources of Teaching Knowledge and Motivation to Learn From Theory and Practice <https://doi.org/10.1177/00224871221105813>
6. Дейл Х.Шунк Оқыту теориясы білім беру көкжиегі //Дейл Х.Шунк/-Алматы:- «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры-2019-6086. ISBN 978-601-7943-22-6
7. Карнеги, Д. Искусство завоевывать друзей и оказывать влияние на людей, эффективно общаться и расти как личность [Текст/Электронный ресурс] / Д. Карнеги. - М : АСТ, 2020. - 224 с. - ISBN 978-5-17-105143-3
8. Маслоу А. Мотивация и личность. – Спб.: Питер, 2011.- 352 с.
9. Doménech-Betoret F. The Educational Situation Quality Model: Recent Advances // Frontiers in Psychology, 2018. № 9. 67-78.
10. Дрожалкин В.А. Методологические подходы мотивации человека // Вестник научных конференций.к проблеме изучения 2016. - № 11-5 (16).
11. Doménech-Betoret F. The Educational Situation Quality Model: Recent Advances // Frontiers in Psychology, 2018. № 9. 67-78.
12. Винокурова Н.А. Молодежь в науке: мотивации, взгляды, жизненные стратегии // Народонаселение.2016. № 4 (74).
13. Варыханова К.В., Сергеева И.А., Кустова В.В. Мотивация профессиональной деятельности преподавателей технического вуза, способствующая выбору стилей педагогического общения//Высшее образование сегодня.-2018.-№1-С. 45-49.
14. Леднева С.А.Мотивация трудовой деятельности молодых преподавателей и работа с молодежным кадровым резервом в вузе // Вестник Тверского государственного университета. Серия: Экономика и управление. 2018. - № 2. - С. 142-149.
15. Мотивация и стимулирование трудовой деятельности: учебник / А.Я. Кибанов, И.Л. Баткаева, Е.А. Митрофанова,М.В. Ловчева /под ред. А.Я.Кибанова. -М.:ИНФРА-М, 2019.524с.

16. Момбск Т., Жубаназарова Н.С., Шуленбасва Ж.К. Исследования психологических аспектов мотивации спортсменов // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2016. - № 3 (58) - С. 76-83.

17. Ахметов Н.А., Кистаубасва К.Т., Айджанова З.Ж. Психологические особенности мотивации профессиональных спортсменов // КазНПШУ им. Абая. Серия «Психология». - 2019. - № 4(61), С. 89-96.

18. Горбушица А.В. Актуальные направления и перспективы исследований мотивации профессиональной деятельности // Общество, наука, инновации: Всероссийская ежегодная научно-практическая конференция. Киров: Издательство Вят, 2016. - С. 4930-4937.

19. Кожвина А.П., Дубровина С. В. Мотивация профессиональной деятельности педагогов общеобразовательных организаций // Общество: социология, психология, педагогика. 2018. - № 5.- С. 39-43.

20. Anra Y., Yamin M. Relationships between Lecturer Performance, Organizational Culture, Leadership, and Achievement Motivation // Foresight and STI Governance. - 2017. - Vol. 11, № 2. - Pp. 92-97.

REFERENCES

1. Kalymbetova E.K., Baratova S.M. Duisenbekov D.D. Kasibi motivatsiia zhne zhas mamandardyn kasibi motivatsiiasynyn psikhologialyk erekshelekteri // Vestnik KazNU Seriya psikhologii i sotsiologii. - 2015. - № 1 (52). - С. 62-70.

2. Huang J, Hegele M and Billino J (2018) Motivational Modulation of Age-Related Effects on Reaching Adaptation. Front. Psychol. 9:2285. doi: 10.3389/fpsyg.2018.02285

3. Gorskaia P.E. Teoreticheskie podkhody k issledovaniyu struktury motivatsii lichnosti // Vestnik Irkutskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. - № I (96). - 2015. - С. 217-221.

4. Endriu Pollard Reflektivt oytu negzder / Endriu Pollard // Alamy Ulttyk audarma biurosy kogmdyk ory - 2020-7286. ISBN 978-601-7621-11-7

5. A Longitudinal Mixed Methods Study of Norwegian Preservice Teachers' Beliefs About Sources of Teaching Knowledge and Motivation to Learn From Theory and Practice <https://doi.org/10.1177/00224871221105813>

6. Deid KH SHunk Oytu teoriiasy blim beru kokzhieg // Deil KH Shunk/ -Almaty – Ulttyk audarma biurosy kogmdyk ory-2019-6086. ISBN 978-601-7943-22-6

7. Karnegi, D. Iskustvo zavoeyvat druzei i okazyvat vliianie na liudei effektivno obshchatsia i rasti kak lichnost [Tekst / Elektronnyi resurs] / D. Karnegi – M: AST, 2020. - 224 с. - ISBN 978-5-17-105143-3

8. Maslou A. Motivatsiia i lichnost. Spb.: Piter, 2011.- 352 с.

9. Doménech-Betoret F. The Educational Situation Quality Model: Recent Advances // Frontiers in Psychology, 2018. № 9. 67-78.

10. Drozhalkin V. A. Metodologicheskie podkhody motivatsii cheloveka // Vestnik pauchnykh konferentsii k probleme izucheniia 2016. - № 11-5 (16).

11. Doménech-Betoret F. The Educational Situation Quality Model: Recent Advances // Frontiers in Psychology, 2018. № 9. 67-78.

12. Vinokurova N A Molodezh v nauke: motivatsii, vzgliady, zhiznennye strategii // Narodonaselenie. 2016. № 4 (74).

13. Varykhanova K.V., Sergeeva I.A., Kustova V.V. Motivatsiia professionalnoi deiatelnosti prepodavatelei tekhnicheskogo vuza sposobstvuiushchaia vyboru stilei pedagogicheskogo obshcheniia // Vysshee obrazovanie segodnia .-2018.-№1-С. 45-49.

14. Ledneva C.A. Motivatsiia trudovoi deiatelnosti molodykh prepodavatelei i rabota s molodezhnym kadrovym rezervom v vuze // Vestnik Tverskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Ekonomika i upravlenie 2018 - 2 - С 142-149

15. Motivatsiia i stimulirovanie trudovoi deiatelnosti: uchebnik / A. IA. Kibanov I. L. Batkaeva E. A. Mitrofanova M.V. Lovcheva / pod red. A. IA. Kibanova – M.: INFRA-M, 2019. 524s.

16. Момбск Т., Жубаназарова Н.С., Шуленбасва Ж.К. Исследования психологических аспектов мотивации спортсменов // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2016 - №3 (58) - С. 76-83.

17. Akhmetov N.A., Kistaubasva K.T., Aidzhanova Z.ZH. Psikhologicheskie osobennosti motivatsii professionalnykh sportsmenov // KazNSHU im Abaia Seriya Psikhologiya. - 2019. - № 4(61), C. 89-96.

18. Gorbushitsa A.B., Aktualnys napravleniia i perspektivy issledovaniia motivatsii professionalnoi deiatelnosti // Obshchestvo, nauka, innovatsii: Vserossiiskaia szhegodnaia nauchno-praktichskaia kopferentsiia. Kirov: Izdatelstvo Viat, 2016. - C. 4930-4937.

19. Kozhshvina A.P., Dubrovina S.V. Motivatsiia professionalnoi deiatelnosti podagogov obshchsobrazovatslnykh organizatsii // Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika. 2018. - № 5. - C. 39-43.

20. Anra Y., Yamin M. Rclationships between Lecturer Performance, Organizational Culture, Leadership, and Achievement Motivation // Foresight and STI Governance. - 2017. - Vol. 11, № 2. - Pp. 92-97.

АННОТАЦИЯ

В этом труде представлена специфика мотивации обучающегося к психолого-педагогическому успеху. Университет предусматривает повышение и развитие мотивации обучающихся к успеху, способность мотивировать или активизировать учащихся к необходимости достижения определенной цели, рассматриваются индивидуальные особенности достижения, предопределятели заявляют об особенностях овладения знаниями с энтузиазмом. Для развития высокой мотивации к успеху, студенту необходимо стать состоявшимся специалистом будущей профессии. Представлены интерактивные методы современного обучения, тренинги, педагогическая опытно-экспериментальная работа, пути развития и совершенствования, методы обратной связи и рефлексии, побуждающие обучающихся к действию, направляя студентов на удовлетворение определенной потребности. Проведен педагогический опыт проверки и определения уровня мотивации и готовности обучающихся к ней. Через данное направление педагогической деятельности реализуется решение столь необходимое для выживания человека, как педагогическое развитие, саморазвитие, формирование социальных взаимоотношений, необходимых ему личностных качеств с использованием возможностей для развития, также взаимодействие с окружающими. В результате, определены уровни учебных достижений, полученных студентами по заданиям опыта изучения подготовки и выявления особенностей по умениям и навыкам через мотивационные знания и гибкость.

FTAXP: 77.29.30

Брманова Н.Н., аға оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
Орал қ., Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, nurshat_1990@mail.ru

Brmanova N. N., teacher, master, <https://orcid.org/0000-0003-2820-7989>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan»,
Uralsk, st. Zhangirkhan 51, 090009, Kazakhstan, nurshat_1990@mail.ru

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ THE BASICS OF FORMING A HEALTHY LIFESTYLE FOR YOUNG PEOPLE THROUGH NATIONAL SPORTS

ТҮЙІН

Осы мақаланың өзектілігі білім беру үрдісінде ұлттық спорт түрлері арқылы жастардың салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңғырту мәселесін зерттеу қажеттілігін анықтайды. Бұл арада осы мәселенің теориялық жағынан аз зерттелуі мен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талап етілетін деңгейде қамтамасыз етілмеуі арасында қайшылық бар екендігіне көз жеткізілді. Жүргізілген зерттеу барысында «салауатты өмір салты» ұғымы ұлттық спорт түрлері негізінде